

ИНВЕСТИЦИОННОЕ И ФИНАНСОВОЕ ПРАВО

Б.Ө. Сман

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ, ОНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТ СФЕРАЛАРЫ

Сақтандыру – қоғамның экономикалық қатынастарының айрықша сферасын бейнелейтін көне категорияларының бірі, сақтандыру сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық жағын қамтиды.

Сақтандырудың мақсаты қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін азаматтарды, мүліктерді, өндіріс процестерін қоғамдық және ұжымдық болып табылады. Негізінде сақтандыру күтпеген жерден туындайтын, залал-зардап сияқты келенсіз нәтижелері бар табиғи төтенше және өндірістік аялардағы апатты жағдайлардан заңды және жеке тұлғалардың мүліктік, қаржылық және басқа да мүдделерін қорғауға арналған мақсатты қорларын құрайтын, қалыптастыратын түсім көздеріне ерікті және міндетті негізде алынатын заңды және жеке тұлғалардың жарналары жатады. Бұл жердегі маңызды көрініс сақтандыру мақсатты қорларын құру, оларды басқару және бөлу қаржылық қатынастары жүйесінің қоғамның қаржылық ресурстарын қалыптастыру және жұмсау жөніндегі қаржылық қатынастармен тығыз байланысты болып табылады.

Қазақстандағы қоғамдық даму процестері де экономикалық заңдарды біліп игеруге және пайдалануға, оларға сүйене отырып қызмет атқаруға негізделген сақтандыру рыногына көшу қажеттілігін шарттаған болатын.

Сақтандыру категориясы үшін мына *белгілер* тән:

- 1) Қатынастардың ықтималдық сипаты;
- 2) Қатынастардың төтенше (жай емес) сипаты (кез келген ауқымда – мемлекеттік, аймақтық деңгейде, кәсіпорын немесе оның бөлімшесі, жеке адам деңгейінде).

Сақтандыру категориясының қаржы категориясымен *ортақ өзгеше* белгілері бар:

- Сақтық қатынастарының ақшалай сипаты;
- Сақтандырудың қоғамдық өнімінің құнын қайта бөлуге қатысуы;
- Оның іс-қимылы ақша қорларын жасап, пайдаланумен қосарланып отырады;
- Сақтық қатынастарының бір бөлігінің міндетті сипатының болуы;
- Ақша қорларын жасап, пайдалану кезіндегі сақтық баламалылығы барлық жағдайда бола бермейді (қатынастардың баламасыздығы).

Сақтандыру – қолайсыз құбылыстар мен күтпеген оқиғалар болған кезде жеке және заңи тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау және оларға материалдық зиянды төлеу үшін мақсатты ақша қорларын құру және пайдалану жөніндегі қайта бөлгіштік қатынастардың айрықша сферасы.

Сақтандырудың экономикалық мәніне бұл категорияның қоғамдық арналымының көрінісі ретінде оның *бөлу, өтемдік, жинақтық және бақылау* функциялары сәйкес келеді. *Бөлу функциясы*: бұл функцияның өзгешелігі қайта бөлу ретінде көрінуі. Ол алдын алу функциясына, мысалы, алдын алу шараларын қаржыландыру жолымен сақтық жағдайының болу мүмкіндігін жоюға бүгіледі. Жеке басты сақтандыруда бөлу функциясы сақтандырудың тиісті түрлерінің жинақтық функциясына бүгіледі.

Бақылау функциясы сақтық төлемдерді жұмылдыруды және сақтық қорын қатаң мақсатта пайдалануды қамтамасыз етуге байланысты болатын тараптардың нақты қатынастарында көрінеді.

Соңғы уақытта бірқатар зерттеушілер сақтандыру экономикалық категориясын сипаттау үшін *тәуекелдік функциясын* қарауды ұсынады, өйткені сақтық тәуекел сақтандырудың негізгі арналымымен – қолайсыз оқиғалардан болған зиянның орнын толтырумен байланысты.

Сақтық қатынастарының бір бөлігінің салыстырмалы жалпы бағыттылығы мен (кең арналымдағы резервтік қорларды пайдалана отырып) *қоғамдық қорғаудың жүйесі* арқылы тиісті ақша қаражаттарының арналымы болады. Бұл қатынастар мен қорлар байланысқан және жалпыұлттық сипаты бар төтенше уақиғаларды ескертуге және жоюға бағытталған. Бұл қорлар халыққа, өндіріс

пен инфрақұрылымның объектілерін жаңғыртуға, экологиялық тепе-теңдікпен қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға келтірілген зиянды өтеуге пайдаланылады.

Қатынастардың екінші бөлігінің біршама тар арналымдағы қорларды – *әлеуметтік қорлар мен әлеуметтік қамсыздандыру* қорын жасап, пайдалана отырып, азаматтардың әлеуметтік жағдайын қорғауға бағыттылығы болады. Бұл қатынастардың іс-әрекеті халықты әлеуметтік қорғаудың қажеттілігімен байланысты.

Үшінші бөлік қатынастардың тұйық аясын пайдалана отырып және олардың осы жиынтығы шегінде бұл қатынастардың баламалылығына жете отырып, адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын, олардың мүлік, сонымен бірге шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүлкін сақтық қорғау жөніндегі қатынастар болып табылады. Бұл – *жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыру және шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін мүлікті сақтандыру*.

Сақтандырудың жалпы жүйесінің салыстырмалы дербес бөлігі *медициналық сақтандыру* болып табылады. Сақтандыру кезінде сақтық резервтері мен қорларын қалыптастырудың ең негізгі әдісі қолданылады, олар: бюджеттік және сақтық әдістері. Қаржыларды қалыптастырудың *бюджеттік әдісі* бюджеттердің қаражаттарын, яғни бүкіл қоғамның қаражаттарын пайдалануды болжайды.

Сақтық әдісі қорларды шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың жарналары есебінен жасауды алдын алу қарастырады; жарналардың мөлшері және оларды төлеудің тәртібі сақтандырудың түрлеріне қарай немесе заңмен не сақтық қатынастарының қатысушылары арасындағы арнайы келісім шартпен анықталады. Сақтық қатынастардың бірінші бөлігінде – қоғамдық қорғауда бюджеттік әдіс пайдаланылады, екінші бөлікте – әлеуметтік сақтандыруда – қос әдіс, үшінші бөлікте – жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыруда тек сақтық әдіс пайдаланылады.

Сақтандыру экономикалық категориясының материалдық ақшалай иелері сақтық қорлары бола алады, олар қоғамдық ұдайы өндірістің элементтері, сақтық қатынастарының қатысушыларының жарналары, мемлекеттік бюджет қаражаттары, қаражаттардың ерікті аударымдары, қайыр көрсету және сақтық қатынастары қатысушыларының тарапынан болатын бірқатар басқа айрықшылықты төлемдер есебіне қалыптасатын ақшалай немесе материалдық қаражаттардың резервтері болып табылады.

Сақтық қорлары – қоғамның ұлттық шаруашылығындағы сан алуан, алдын ала болжануы мүмкін емес жайттардан сақтандыруға арналған қоғамның резерв қорлары жүйесінің қажетті құрамды бөлігі.

Мүліктік мүдделерді қорғауды, материалдық зияннан сақтандыруды және оның орнын толтыруды сақтандыруды жүзеге асыратын сақтық қоры материалдық немесе ақша қорлары нысанында жасалады. Сақтық қорларында қоғам мүшелерінің ұжымдық және жеке мүдделері қорғалады, олардың тіршілік әрекетінің сан қырлы экономикалық және әлеуметтік аспектілері көрінеді. Сақтық қорларының басқа қорлардан ерекшелігі: олар алдын ала тұтыну қорларына да, жинақтау қорларына да жатпайды. Ол – табыс ретінде тұтынылмайтын және қорлануға міндетті қызмет етпейтін табыстардың бірден-бір бөлігі.

Нарықтық экономикада сақтық қатынастарының едәуір бөлігі коммерциялық қатынастар болып табылады. Сақтандырушылардың жарналары есебінен жасалынатын сақтық қорлары белгілі бір уақытта тікелей арналымында – сақтық төлемдерін төлеу үшін (сақтық жағдайының болу немесе ықтималдық сипатына қарай оның пайда болмау мезетіне дейін) пайдаланылмауы мүмкін.

Экономиканың нарықтық қатынастарға көшуі, кәсіпкерлік қызметтің дамуы, тауар мен айырбас шеңберінің, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара келісім-шарт міндеттемелерінің кеңеюі сақтандыру арқылы болатын кепілдіктердің берік жүйесін талап етеді.

Нарықтық экономика жағдайындағы сақтандыру институтының ерекше маңыздылығы бірқатар факторлармен айқындалады. Біріншіден, мемлекет тарапынан көзделген шаралардың сипаты мен көлеміне қарамастан, сақтандыру халық пен ұйымдардың түрлі мүдделерін қосымша қорғауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі шығыстардың негізгі ауыртпалығы мүмкіндігі объективті түрде шектеулі болып табылатын мемлекеттік бюджетке түседі.

Сақтық жүйесі республика экономикасының сенімді әрі орнықты дамуына, халықты әлеуметтік қорғауды арттыру үшін қосымша негіз жасауға, азаматтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мүлкін сақтандыруға ықпал етуге тиіс. Сақтандыру мәселесі, медициналық сақтандыруды қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандырудың проблемаларына тікелей қатысты.

В данной статье рассматривается социально-экономическое значение страховой деятельности.

This article focuses on socio-economic importance of insurance.